

Маңғыстау облысы әкімдігінің "2021 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 97 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 3 желтоқсандағы № 286 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 желтоқсанда № 26242 болып тіркелді

Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің "2021 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 97 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4510 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

Н. Ногаев

Маңғыстау облысының әкімдігінің
2021 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 286 қаулысына
1-қосымша

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2021 жылғы 30 сәуірдегі
№ 97 қаулысына
1-қосымша

2021 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері және айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		
		10,5 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	10,5 сағаттық болу режимі бар түзету топтары	10,5 сағаттық болу режимі бар туберкулез интоксикациясы бар балалар тобы

Ауыл	19934	41053	71554	59606
Қала	20352	37527	66779	55786

Маңғыстау облысының әкімдігінің
2021 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 286 қаулысына
2-қосымша

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2021 жылғы 30 сәуірдегі
№ 97 қаулысына
2-қосымша

2021 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Елді мекеннің атауы	Тәрбиеленушілер саны	Бір күнге ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге) 3 жасқа дейін / 3 жастан бастап
Ақтау қаласы	15019	717
Жаңаөзен қаласы	8200	521,5/656,5
Бейнеу ауданы	2561	457,9/553,6
Қаракия ауданы	2009	563,96/652,0
Маңғыстау ауданы	2127	678
Мұнайлы ауданы	8142	688
Түпқараған ауданы	2228	561,7/680,3